

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

Тәрелкені әшекейлеу

ЖАРИЯЛАНДЫ
20.09.2017СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/16946/

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Қосаева Жайнар Рысбекқызы

Білім беру саласы: шығармашылық

Білім беру бөлімі: сурет салу

Мақсаты: балаларды бұрынғы қазақ халқының тұрмысымен таныстыру, ұлттық өнері оюмен таныстыру. Өнеріне қызығушылық тудыру, тілдерін дамыту, сұлулықты сезіне білуге тәрбиелеу, ою — өрнектерді ажырата білуге табақты ою — өрнекпен әшекейлеуді үйрету. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру, ұқыпты жұмыс істеуге жатттықтыру. Балаларға ою өрнек туралы мағұлмат беру. Қазақтардың ұлттық бұйымдары туралы тұрмыстық қолданбалы заттары туралы түсінік беру.

Көрнекі — құралдары: киіз үй, тұрмыстық заттары, оюлар суреті.

Құрал — жабдықтары: гуаш, тәрелке суреті, губка, тіс пастасы, сулы сүлгі
Ұйымдастыру кезеңі: шаттық шеңбері:

Қайырлы таң көк аспан

Қайырлы таң жер ана

Қайырлы таң қонақтар

Қайырлы таң достарым

Біз балдырған тең басқан

Дос кұшағын кең ашқан

Тілейміз біз бейбіт күн,

Ашық болсын кең аспан

Мықты болсын іргеміз

Бәрімізде біргеміз.

Сұрақ — жауап

Балалар бізге бүгін ерекше күн өйткені ашық оқу іс — әрекетіміздің тақырыбы: табақты әшекейлеу, яғни оюлар жайында болмақшы. Балалар тақтадағы суретке қарайықшы ненің суретін көріп тұрсыныңдар жарайсыңдар балалар біз бүгін біраз оюлармен танысамыз. Балалар әр халықтың өзіне тән ұлттық белгілері бар қазақ халқының өзіне тән ерекшеліктерінің бірі ұлттық ою-өрнектері. Ертеде ою-өрнек арқылы әр

нәрсені біліп үйренуге болған, мағына берген. Мынау қошқар мүйіз ою ата-бабамыздың отар-отар қойы болсын деп арман тілегін, молшылықты білдіреді. Ол енді мына ою құс қанаты оюы аспанда ұшып бара жатқан құстың екі қанатына ұқсайды. Қанатымыз талмасын әрдайым осы құс сияқты биіктерден көрінейік деген мағына береді екен. Ол мына оюмыз су тамшысы оюы, судың тамған бөлігі демек ту тамшысына қарап осы оюды су тамшысы деп атаған екен. Сұдай таза болайық, суымыз көп болсын деп. Ал енді балалар осы оюлар туралы кім тақпақтар біледі екен.

Асылай

Оюларға сүйісініп

Қайран қалып тұрсың

Көре білсең түсініп

Одан көп сыр ұғасың

Мадияр

Көрші әдей өнерлі Барып тұрам күнде мен Құрмет тұтып шеберді Ою-өрнек үйреніп

Мадина

Қазақта бір ою бар, қошқар мүйіз Орын алар тұрағы көрпе — киіз Шеберлер осы өрнекпен сәндегенде Көз тартып құбылады оюымыз

Нәзік

Әжем өрнек тереді

Сырмақ отыр оюлар

Басы ауыра береді

Шай ішпесе қоюлап

Балалар енді өзіміздің ұлттық бұрышымызға қарайықшы мынау не? — киіз үй. Бұрын кезде ата-бабаларымыз осы киіз үйде өмір сүрген сол киіз үйдің ішінде қазақтың ұлттық тұрмыстық бұйымдарын ұстаған олардың барлығы ою өрнекпен әшекейленген ыдыстарды да тұрмыстық бұйымдарды түрлі ою- өрнекпен безендірілген. Қазақтың ұлттық бұйымдарына сандық, көрпеше, жастық, киіз, сырмақ, домбыра, торсық, қоржын, келі келсап, олардың барлығы ою-өрнексіз болмаған.

Жұмбақ жасыру.

Кіруге адам жатпайды, суға салса батпайды,

Ішіндегі З'аттарды аман есен сақтайды **(сандық)**

Аузы бар, тісі жоқ,

Оны ұрмаған кісі жоқ **(келі)**

Текшепен төрге жиғаным не **(көрпеше, жастық)**

Дидактикалық ойын «Ұқсасын тапта, атын ата»

Шарты: тақтадан суретке қарап ұқсайтын оюды астына жапсырады.

Мақал-мәтелдер

Өнерлі өрге жүзер — Т.Кәусар

Өнерлі бола сүйнімді - Жанел

Шебер көп жерде өнер көп — Зере

Ою ойнанның ойы үшқыр — Айғаным Өнерлі бала тон пішер – Нұрай

Сергіту сәті

Ал балалар тұрайық

Ою-өрнек сызбайын

Қошқар мүйіз тұмарша

Құс тұмсықпен ирек су

Қолға қалам алайық

Әдемі ою-өрнек әлемі

Қол қаламды алайық

Тосын сәт: дым білмес кіреді. Балалар сәлеметсіңдерме мен балабақшадан өтіп бара жатыр едім оюлар туралы ашық оқу іс- әрекетін өтіп жатыр екенсіңдер естіп қалып қуанып кеттім. Сүйтіп осында келдім маған апайым мына тәрекенің суретіне оюмен әшекейлеп кел деп тапсырма беріп еді. Мен қалай әшекейлейтінін білмеймін үйретіңдерші.

Балалар дым білмеске тәрелкені әшекейлеуді үйретеміз ба? Олай болса мына жерде отырып қарап отыр .

Балалар’ мына ненің суреті екен бұл біздің тұрмыстық бұйымдарымыздың бірі екен. Бұл ыдысқа қандай тағамды саламыз. Қою тағамдарды салатты салады екенбіз. Тәрелке қандай пішінге ұқсайды екен. Тәрелкені неше

түрлі ғылып

әшекейлеуге болады екен гүлдермен,

сызықтармен,

домалақтармен ертеде ата-бабамыз ыдыстарды түрлі ою-өрнектермен әшекей сол сияқты бізде жаңа үйренген оюымыз қошқар мүйіз, құсқанатты, су тамшысы мен тәрелкемізді әшекелейміз. Біз әдеттегідей қыл-қаламмен, қарындашпен әшекейлемейміз, губканы гуашка батырып тәрелкеміздің бірінші шет жақтарына бастырамыз. Ортасына бастырамыз міне әдемі тәрелке әшекейледік. Ал мына топ қарындашпен емес, тіс пастасына саусақтарыңды батырып су тамшысы

оюын тарелкенің шет жағына салып шығасыңдар ортасына құсқанатын саласыңдар. Міне тәрелкенің әшекейлеуді үйрендік, енді шығарайық ортаға отырып жұмысқа кірісіңдер. Басшылық жасау, балалар жұмысқа кіріседі, дым білмес — сен қарап отыр

қалай істейтінін, жарайма үйреніп ал дым

білмес: ой жарайсыңдар балалар енді қалай тәрелкені ‘ оюмен әшекелейтінін үйреніп алдым үйге барғансын өзім оюлаймын рахмет сендерге жақсы сау болыңдар. Шығып кетеді.

Сабақты қортындалау, мақтау, мадақтау қоштасу Күтілетін нәтиже:

Біледі: Қазақтың ою-өрнектерін және қайда пайдаланатынын;

Меңгерді: ойын арқылы, оюларды ажыратуды, атын біледі;

Меңгереді: тәрелкені пішініне сәйкес оюмен әшекейлеуді.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.